

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

19 ақпан 2014

Экологиялық мәселелерді шешуге көмектесу үшін Еуропалық Одақтың Қазақстанның жергілікті қоғамдастықтарына ұсынған шағын гранттары

АСТАНА – Қараусыз қалған уран қалдық қоймаларының шаңы, рұқсат етілмеген қоқыс тастайтын жерлер, трансшекаралық Ертіс өзенінің ауыр металдармен улануы, Балқаш көлінің ластануы және ауаның қатты ластануы. Бұл Арника Чех үкіметтік емес ұйымымен және оның серіктестері – ЭкоМұражаймен және Қазақстанның Жаңа, экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізу орталығымен (CINEST) үйлестірілетін, Шағын гранттар бағдарламасы шеңберінде қаржылық қолдауды алуға іріктелген бес жобаның тақырыптары болып табылады. 12 000 еуро жалпы бюджетті «Химиялық қауіпсіздікті жақсарту үшін Қазақстандағы азаматтық қоғамның құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту» атты анағұрлым кең жобаның аясында Еуропалық Одақ ұсынады. Тандалған жобалар шамамен 800 000 адамның денсаулығына қауіп төндіріп тұрған қоршаған ортаның ластану мәселелерін шешуге көмектеседі.

Шағын гранттар бағдарламасының қолдауына ие болған жобаларға шолу:

Жобаның аты	Жобаны жүзеге асыратын ҰЕҰ	Жобаның жүзеге асырылатын жері	Ластану құрбандарының саны	ЕО қолдаған бюджет
Рұқсат етілмеген қоқыс тастайтын жерлердің аймақтың химиялық қауіпсіздігі мен қоршаған ортаның жағдайына тигізетін әсері	ЭкоОбраз	Қарағанды/Қарағанды обл.	500 000 адам	€ 2 300
Металлургия қалдықтарының ауыр металдарымен Ертіс өзенінің ластануы	Эко-Согласие	Глубокое/Шығыс Қазақстан	9 000 адам	€ 2 000



Бұл жоба Арника ұйымымен іске асырылады

Arnika – Toxics and Waste Programme, Chlumova 17, 130 00 Prague 3 The Czech Republic
Tel./fax: +420 222 781 471
e-mail: arnika@arnika.org



Бұл жоба Еуропа Одағының Қазақстан Республикасындағы өкілдігімен қаржыландырылады
Космонавтов көш., 62 үй
Астана 010000
Тел.: (7172) 97-10-40
Факс: (7172) 97-95-63



Еуропа Одағы өздерінің технологияларын, ресурстары мен тағдырларын біртіндеп бірлестіруге шешкен 28 мүше мемлекеттермен құрылған. 50 жылға созылған бірігу барысында олар бірлесіп тұрақтылық, демократия мен тұрақты даму аймағын құрып, сонымен бірге мәдени түрлілігін, төзімділік пен жеке бостандықтарын сақтады. Еуропа Одағы шекарасынан тыс барлық елдер мен халықтармен өз жетістіктері мен құндылықтарымен бөліседі.



Серіктестер: EcoMuseum
Karaganda, CINEST

Қоғамдық экологиялық мониторинг – Жасыл дамудың құралы	Отражение	Теміртау/Қарағанды обл.	170 000 адам	€ 2 220
Солтүстік Балқаш маңының уытты ластануымен күрес	Балқаш ЭкоОрталығы	Балқаш/Қарағанды обл.	30 000 адам	€ 2 500
Степногорск қ. уран қалдық қоймаларының топырақ құнарлылығын қалпына келтіру мәселелерін шешуге жұртшылықты қатыстыру	Адам денсаулығы институты	Степногорск/Ақмола обл.	70 000 адам	€ 2 000

"Жергілікті тұрғындар әрқашан да жергілікті мәселелерді жақсырақ біледі. Біз өз өмірлері мен өз балаларының өмірлері үшін қоршаған ортаны қорғап қалғысы келетін белсенді азаматтардың күші мен шығармашылығына сенеміз. Біздің шағын гранттар бағдарламасы белсенді азаматтарға қажет нәрсені – көршілерін шешімдерді қабылдауға қатыстыру үшін, сонымен қатар мемлекеттік биліктің жауапты органдарының назарын қоршаған ортаның мәселелерін шешуге аудару үшін сарапшыларға, химиялық талдауларға немесе ақпараттық материалдарға төлей алатын ақшаны береді", - дейді Арника жобасының үйлестірушісі Мартин Скальски.

"Қаржылық қолдау үшін жобаларды таңдау өте қиын болды, себебі бағдарлама бюджеті шектеулі, ал әрбір команда қолдауға ие болуға тұрарлық мәселені таңдады. Біз сонша белсенді азамат өте жақсы сапалы жобаларды дайындай алғандығына қуаныштымыз. Оларды іске асыру барысында біздің мамандар жергілікті топтарға ақпараттық науқандарды жоспарлауда және қоршаған ортаның күрделі ластану мәселелерін шешу жолдарын іздеуде қосымша көмек көрсететін болады", - деп мәлімдеді Юлия Калмыкова, ЭкоМұражайдың Шағын гранттар бағдарламасы менеджері.

Шағын гранттар бағдарламасы үшін Қарағанды, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарынан барлық 11 жоба ұсынылды. Сұралынған ақша сомасы 30 мың еуродан асты. Жобаларды Чехия, Қазақстан және Ресей Федерациясының сарапшылар тобы бағалады.

Қосымша ақпарат алу үшін: Вратислав Возникке (Арника) vratislav.voznik@arnika.org электронды поштасына, ұялы тел. 420 606 727 942 немесе Қазақстандағы шағын гранттар бағдарламасының үйлестірушісі Юлия Калмыковаға julia.kalmykova@gmail.com электронды поштасына, ұялы тел. +7 771 006 30 25 немесе Карла Джаманқұловаға, Қазақстандағы ЕО делегациясы Өкілдігінің баспасөз қызметіне +7(7172) 97-11-48 телефоны бойынша немесе karlygash.jamankulova@eeas.europa.eu электронды поштасына жүгінулеріңізді сұраймыз.

Қосымша:

Шағын гранттар бағдарламасын қолдауға таңдалған жобалар

Теміртауда ауа ластануының қоғамдық мониторингі

Отражение/Теміртау, Қарағанды облысы

Ластану құрбандарының бағаланып отырған саны 170 000 адам

Қазақстанда жыл сайын адам басына шаққанда ауаға 200 кг химиялық қоспалар шығарылады. Күрделі ауа ластануының негізгі себептері ескірген технологиялар, тазартушы жабдықтың төменгі тиімділігі, технологиялық үдерістердің бұзылуы және қоршаған ортаны қорғауға инвестициялардың жоқтығы болып табылады. Ең ластанған аудандардың бірі

Теміртау қаласы мен оның төңірегі болып табылады, онда ауыр өнеркәсіп, энергияны өндіру және басқа да тастандылар көздері көптеген онжылдықтар бойы жұмыс жасап келеді. Бұл жерде қазіргі таңда трансұлттық Arcelor Mittal корпорациясының меншігіндегі, бұрынғы Кеңес Одағы аумағындағы ең ірі металлургия зауыттарының бірі орналасқан. Ақпараттық науқан қала тұрғындарына бағытталатын болады. Тәуелсіз қоғамдық мониторинг тобы құрылатын болады, сондықтан ауаның ластануын азаматтардың өздері бақылайтын болады. Басқа елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, Отражение өнеркәсіп көздерінен ластануды төмендету жөнінде науқанды жүргізетін болады.

Рұқсат етілмеген қоқыс тастайтын жерлердің Қарағандының қоршаған ортасы жағдайына және аймақтың химиялық қауіпсіздігіне тигізетін әсері

ЭкоОбраз/Қарағанды, Қарағанды облысы

Ластану құрбандарының бағаланып отырған саны 500 000 адам

Рұқсат етілмеген қоқыс тастайтын жерлер қалалар мен қала маңдарының негізгі экологиялық мәселелерінің бірі болып табылады. Рұқсат етілмеген қоқыс тастайтын жерлерде тұрмыстық қалдықтар көп жағдайда құрамында ауыр металдар бар, мысалы, лампышалар, термометрлер немесе батареялар сияқты қауіпті материалдармен араласып, топырақ пен су көздерін ластап, адам денсаулығына қауіп төндіреді. Сондай-ақ кейде жеке компаниялар шығындарын қысқарту үшін өздерінің өнеркәсіптік қалдықтарын заңсыз түрде қалаға жақын жерлерге төгеді. Жобада, Қарағанды қ. мен оның маңайындағы қалдықтарды рұқсат етілмеген тастайтын жерлері белсенді азаматтармен – еріктілермен зерттелінетін болады. Оның нәтижелері бойынша ғаламторда қолжетімді болатын, нақты қоқыс тастайтын жерлердің негізгі сипаттамаларын көрсетумен Интерактивті карта құрылатын болады. Жекелеген қоқыс тастайтын жерлерде қалдықтар көзін сәйкестендіріп, ластанудың қоршаған ортаға төндіретін қаупін бағалау үшін топырақ пен судың химиялық іріктемесі жүзеге асырылатын болады. Қоғамдық науқан жаңа рұқсат етілмеген қоқыс тастайтын жерлердің құрылуын алдын-алу үшін азаматтарға экологиялық қауіп-қатерлер туралы ақпарат береді.

Степногорск қ. уран қалдық қоймаларының топырақ құнарлылығын қалпына келтіру мәселелерін шешуге жұртшылықты қатыстыру

Адам денсаулығы институты/ Степногорск, Ақмола облысы

Ластану құрбандарының бағаланып отырған саны 70 000 адам

500 га радиобелсенді шанданып жатқан жағажай – бұрынғы Тың тау-химия комбинаты (ТТХК) уран өндірісінің радиобелсенді қалдықтары қоймасының қазіргі жағдайы осы. Қазақстандағы ең ірі және әлемдегі ең ірілердің бірі ол Степногорск қ. 25 км және Астана қ. 160 км жерде орналасқан. Жағдай дағдарысты – ішінде 45 млн. тонна ұсақ дисперсті радиобелсенді қойыртпақ бар қалдық қоймасы тұрақты суландырған жағдайда ғана қауіпсіз бола алады. 1996 жылдан бастап уран кенін шығару қысқарды, радиобелсенді қалдықтарды суландыру жеткіліксіз болды. Жыл өткен сайын қалдық қоймасының желге мүжілуі күшейіп келеді. Жақын жерлердегі елді мекендердің тұрғындары радиобелсенді ластанудың әсеріне түсіп келеді, оның үстіне ластанудың одан да кең ауқымды таралу қаупі туындап отыр. Ауыл тұрғындары мал ұстайды және жеміс пен көкөністерді өсіреді, олар өз кезегінде тамаққа пайдаланылып, сондай-ақ сатуға түседі. Жобаның мақсаты ағымдағы жағдайды талдау және қоршаған ортаға тигізетін қатерді бағалау болып табылады. Азаматтардың қауіп-қатер туралы және қорғау мен алдын-алу шаралары туралы хабардар болуын арттыру мақсатында ақпараттық науқан жүргізілетін болады. Сарапшылармен және мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, уран қалдық қоймаларының мәселелерін шешу үшін ұсыныстар әзірленетін болады.

Металлургия қалдықтарының ауыр металдарымен Ертіс өзенінің ластануы

Эко-Согласие/Глубокое, Шығыс Қазақстан

Ластану құрбандарының бағаланып отырған саны 9 000 адам

Глубокое аулынан жақын жерде Ертіс мыс қорыту зауытының қож үйінділері орналасқан. Қоршаған ортаға ең үлкен қауіпті Ертіс өзенінің дәл маңында орналасқан үш террикон төндіріп отыр. Сонымен қатар ұсақ шаң жақын маңдағы аудандарда тұратын адамдардың денсаулығына қауіп төндіруде. Алдыңғы зерттеулер көрсетіп отырғандай, бұл шаңдағы ауыр металдардың мөлшері күшәла үшін 25 есе, мыс үшін 16 есе шекті ұйғарынды мөлшерлерден асып түсіп отыр. 2011 жылы химиялық қауіпсіздік мәселелерін шешу үшін Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Экология және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі комитеттің Төрағасына жолдау үшін Глубокое ауданы тұрғындарының бес жүзге тарта қолдары жиналды. Жоба ақпараттық науқаннан тұрады: жергілікті халықты химиялық қауіпсіздік мәселесі жөнінде қоғамдық талқылауларға қатыстыру, өзекті жергілікті мәселені шешу үшін жағдайды өзгерту бойынша ұсыныстарды әзірлеу үшін азаматтардың, сарапшылардың, БАҚ-ң және мемлекеттік органдардың қатысуымен көпшілік алдындағы пікірталастар сериясы ұйымдастырылатын болады.

Солтүстік Балқаш маңының уытты ластануымен күрес

Балқаш ЭкоОрталығы / Балқаш, Қарағанды облысы

Ластану құрбандарының бағаланып отырған саны 30 000 адам

Балқаш – Азиядағы ең үлкен көлдердің бірі – мүдделер жанжалының тақырыбы болып табылады. Бір жағынан, азаматтар балық аулауға тәуелді болса, табиғат қорлары аймақ экономикасына қомақты үлес қосады. 1930-шы жылдардан бастап Балқаш көлінің солтүстік жағасында мыс өндіру басталды, металлургия өнеркәсібі дами бастап, қоршаған ортаға ауыр жүктеме түсірді. Қырғи қабақ соғыс уақытынан бастап бірқатар әскери объектілер (мысалы, Дарьял – ерте ескерту радары) жағалауға кең ауқымды қауіпті материалдарды қосты. Азаматтардың бір бөлігі ластану туралы білмейді және қараусыз қалған әскери объектілерде асыл металдар мен құрылыс материалдарын өндіруге қатысады. Жоба ақпараттық материалдар мен семинарларды өткізу арқылы адамдарға денсаулыққа төнетін қауіп туралы ақпарат беретін болады. Балқаш экологиялық орталығы алдыңғы қатарлы әдістерді қолдана отырып, жергілікті тұрғындармен, мамандармен және мемлекеттік органдармен бірлесіп, Солтүстік Балқаш маңының қоршаған ортасын қорғау жөнінде стратегиялық жоспарды дайындауға ынтагерлік білдіретін болады.

Барлық жобаларға шолу және олардың бағасы

ҮЕҰ	Жобаның аты	Жүзеге асырылатын жері	Бағасы (ең жоғары 100 балл)	Грант
ЭкоОбраз	Рұқсат етілмеген қоқыс тастайтын жерлердің Қарағандының қоршаған ортасы жағдайына тигізетін әсері	Қарағанды/ Қарағанды	92	€ 3 2300
Эко-Согласие	Металлургия қалдықтарының ауыр металдарымен Ертіс өзенінің ластануы	Глубокое/ Шығыс Қазақстан	80	€ 2 000

Отражение	Теміртауда ауа ластануының қоғамдық мониторингі	Теміртау/ Қарағанды обл.	74	€ 2 220
Балқаш ЭкоОрталығы	Солтүстік Балқаш маңының уытты ластануымен күрес	Балқаш/ Қарағанды обл.	74	€ 2 500
Адам денсаулығы институты	Степногорск қ. уран қалдық қоймаларының топырақ құнарлылығын қалпына келтіру мәселелерін шешуге жұртшылықты қатыстыру	Степногорск / Ақмола обл.	72	€ 2 000
Бурабай Орхус Орталығы	Щучинск-Бурабай курорт аймағының химиялық қауіпсіздігі мониторингі	Бурабай/ Ақмола обл.	68	
Greenwomen	Жұртшылықты химиялық қауіпсіздік мәселелері жөнінде шешімдерді қабылдау үдерісіне тартудың құралы ретіндегі Орхус конвенциясына РВПЗ хаттамасы	ШЫҒЫС Қазақстан	68	
Posadiderevo.kz	Қарағанды қаласында эко клубтарды ұйымдастыру және олардың қызметін балалар үйлері мен интернаттарда үйлестіру үшін ерікті адамдарды дайындау	Қарағанды/ Қарағанды обл.	39	
Дари Добро	Екпелердегі, балалар тамағындағы және тамақ өнімдеріндегі химиялық ластанудың балалардың денсаулығына тигізетін әсері	Теміртау/ Қарағанды обл.	35	
Кокарев Малик Жеңісович	Астана қ. ауа ортасы ластануының негізгі көздерін зерттеу	Астана/ Ақмола обл.	34	
Қарағанды мемлекеттік медицина академиясы	Антибиотиктермен ластануды бағалау үшін биомаркерлерді (антибиотикрезистентті микроағзаларды) пайдалану	Қарағанды/ Қарағанды обл.	30	